

2

Таң асырған кеудемде тұлпарым бар



4

Үздік аула анықталды



Сыр бойы

22 қазан, сейсенбі 2024 жыл

№163 (20837)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



- www.facebook.com/syrboyi.kz/
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЧЕХИЯНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Чехияның Сыртқы істер министрі Ян Липавскийді қабылдады.

Президент сыртқы саясат ведомствосының басшысына іттипат білдіре отырып, Қазақстан мен Чехия арасында достық пен өзара құрметке құрылған көпжылдық әрі нәтижелі ынтымақтастық қалыптасқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы министрдің сапары екі ел арасындағы көпжақты қарым-қатынастың нығаюына тың серпін беретініне сенім білдірді. Оның айтуынша, Қазақстан Еуропа Одағындағы маңызды серіктестерінің бірі саналатын Чехиямен тығыз ынтымақтастық жасауға бейіл.

Президент екі елдің сауда және инвестициялық байланыстарын одан әрі дамытуға мол мүмкіндік бар екеніне назар аударып, еліміздің чех инвесторларына алдағы уақытта да қолдау білдіруге дайын екенін айтты.

Өз кезегінде Ян Липавский кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін Мемлекет басшысына ризашылығын білдіріп, Чехия Президенті Петр Павелдің Қасым-Жомарт Тоқаевты Прагаға ресми сапармен келуге шақырғанын жеткізді.

Чехия Сыртқы істер министрі қарқынды экономикалық байланыстар қазақ-чех ынтымақтастығының негізі саналатынына назар аударды. Ян Липавский өнеркәсіп, «жасыл» даму талаптарына көшу және энергетика салаларын бірлескен жұмыстың басым бағыттары ретінде атап өтті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ян Липавский өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты. Кездесу соңында Мемлекет басшысы Чехия Президенті Петр Павелге ізгі тілегін жеткізді.



АЗАТТЫҚТЫҢ АРАЙЛЫ АҚ ТАҢЫ

Тәуелсіздікке даңғыл жол ашқан декларация қабылданған 25 қазан – Республика күні қазақстандықтардың басты мерекесіне айналды. Дүрбелең заманды басынан өткерген қазақ халқының азаттықтың арайлы ақ таңымен қауышуына негіз қалаған құжат осы күні қабылданған.

Екі жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел жұртшылығын Республика күнімен құттықтай отырып, «Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация қастерлі тәуелсіздігімізге жол ашты. Сондықтан бұл тарихи құжаттың мән-маңызы зор. Біз биылдан бастап Республика күнін ұлттық мереке ретінде жаңа мазмұнда атап өтеміз. Осы бастама жұрттың кең қолдауына ие болып, дәстүрге айналарына сенімдімін. Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елділігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке» деген еді.

2-бет

ДАЛА ТӨСІН ДҮБІРЛЕТКЕН ТОЙ

Босағасы бақыттың, табалдырығы табыстың, төрі тектіліктің тұғырындай болған Шиелі ауданында береке мен молшылық тойы – «Алтын күз-2024» мерекесі өтті. Бұл – ерте көктемнен сағы ала күзге дейін тынбай еңбек етіп, ырзығын Жер-Ана төсінен терген диқан қауымының еңбегі өленген күн. Биылғы «Алтын күз» мерекесі «Қызыл Ту», қазіргі Ыбырай Жақаев ауылының 95 жылдығы мен Жақаевшылар қозғалысының 60 жылдығы және «Өскен өңір» газетінің 85 жылдық мерейтойына орайластырылды.

Еңбеккерлер тойы ақ күршітін атасы мәдени-үгіт бригадалары арасындағы Ы.Жақаев ауылында «Ыбырай Жақаевтың облыстық фестивальмен жалғасты. Іс-ізімен...» атты облыстық жазба ақындар мұшайрасымен басталды. Одан соң шараны аудан әкімі Айтбай Жандарбеков ашып, жұртшылықты мерейлі мерекемен Жақаевшылар қозғалысының 60 жылдығын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған құттықтады.

4-бет

/// КОНФЕРЕНЦИЯ

ҰРПАҚ ЖАДЫНДА ЖАҢҒЫРҒАН ЕРЛІК



Қазалы ауданында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жанқожа батырдың 250 жылдығына арналған «Ұлт азаттығы қозғалысы және Жанқожа батыр» атты ғылыми-танымдық конференция өтті. Оған облыстың зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен еңбек ардагерлері қатысты.

Кемелұлы: «Біз сан ғасырлық тарихымызды мақтан етеміз. Тамыры терең төл шежіреміз – халқымыздың мәдени қозғалысының өзегі» деген еді.

Бүгін біз ұлы даладағы үш жүз жылға жуық тарихы бар ұлт-азаттық қозғалыстың көрнекті өкілі, отаршыларға қарсы Сыр бойындағы халық көтерілісінің басшысы, Алаш жұртының азаттығы үшін елдік туын көтерген қазақ даласының хас батыры – Жанқожа Нұрмұхамедұлының 250 жылдығына арналған «Ұлт азаттығы қозғалысы және Жанқожа батыр» атты ғылыми-танымдық конференцияға жиналды. Конференцияның ашылуымен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

2-бет

Аймақ басшысы конференция жұмысына сәттілік тілеп, тарихи тұлғаның ғасырдан ғасырға жеткен ерлік данқы ешқашан ұмытылмайтынын айтты. – Ел Президенті Қасым-Жомарт

/// ДЕНСАУЛЫҚ

ЖАҢАҚОРҒАНДАҒЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ

Биыл маусым айында Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» балаларды оңалту орталығы ашылып, қазіргі кезде қарқынды жұмыс істеп тұр. Мұнда орталық жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратында ақауы бар балалар емделеді.

«Қазақстан халқына» қорының қаржыландыруымен ел игілігіне берілген орталықта 15 төсек тәуліктік стационар, 5 төсек күндізгі стационар және 30 балаға амбулаторлық көмек көрсету қарастырылған. Бүгінде мұнда реабилитолог, невролог, дефектолог, логопед, эрготерапевт, механотерапевт, психолог, емдеу-шынықтыру нұсқаушылары және орта буын қызметкерлер жұмыс істейді. Мамандар Астана қаласындағы ұлттық балаларды оңалту орталығында оқытылып, даярланған.

11 жастағы егіз Ерзат пен Нұрзатта сирек кездесетін генетикалық ауру – дошен бұлшықет дистрофиясы анықталған. Ауру бұлшықет әлсіздігімен сипатталады, бұл жыл сайын бұлшықет тонусын әлсіретеді және өте тез дамып, науқасты қозғалтпай тастайды.

– Балаларым 2-3 сынып оқығанда шауып жүрген. Қазір олардың өз бетінше қозғалуы қиындап барады. Бұл диагнозыды шетелдік мамандар анықтады. Емге Алматыға баратын-

быз. Осы орталықтың ашылғаны жақсы болды, тұрғылықты жерімізде ем алып жатырмыз. Барлық медициналық оңалту қызметтері тегін. Қазірдің өзінде ұлдарымыз оң нәтиже бар, – дейді егіздің анасы Акбота Оспанова.

Орталық Шиелі және Жаңақорған аудандарының балаларын қабылдайды. Қазіргі кезде мұнда церебралды паралич, тірек-қимыл аппаратының, орталық жүйке жүйесінің бузылуы сияқты әртүрлі дертке шалдыққан 32 бала ем алуға. Жоғарыда айтып өткеніміздей, орталық қажетті мамандармен, заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған.

– Мақсат – туа бітті ақауы бар балаларды кешенді оңалту және

хирургиялық емнен кейін қалпына келтіру. Орталықта тәулік бойы және күндізгі стационарлар бар. Емделу уақыты стационарда 21 күн, амбулаторлы 14 күн. Жылына 600-ге дейін бала қабылдауды жоспарлап отырмыз. МӘМС жүйесі аясында 18 жасқа дейінгі балалар медициналық оңалту қызметтерін тегін алады, – дейді дәрігер-реабилитолог, бөлім меңгерушісі Мәлдір Ескабылова.

Жыл басынан бері Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасына әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан оңалтуға 174,2 миллион теңгеден астам қаражат бөлінген.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

2-бет

/// КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ – ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ

Бүгінде қоғамдағы келеңсіздіктің дені әлеуметтік мәселе төңірегінде туындайды. «Әлеуметтік» ұғымымен қорғау, көмек, қызмет, оңалту, ортаға әсер ету, қамсыздандыру секілді тіркестер құлағымызға әбден сіңісті болған. Мұның астарында әр мәселеге атусті қарамау, көмекке зәру жандарға мемлекеттен қол ұшын созу өте өзекті екені айтылған. Бұл ретте әлеуметтік сала мамандарының еңбегі ерекше. Кәсіби мереке қарсаңында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Фабит Жаңабәевпен өңімелескен өдік.

Валюта бағамы

\$ 485,04 kzt

€ 525,98 kzt

₸ 5,04 kzt

Ауа райы

+9° +11°

+11° +13°

ҰРПАҚ ЖАДЫНДА ЖАНҒЫРҒАН ЕРЛІК

Он тоғызыншы ғасырдың ортасына дейін қазақ жерінің негізгі бөлігі Ресей империясының қол астына енгені тарихтан белгілі. Хандық биліктің жойылуы, жаңа әкімшілік басқару жүйесінің енуі, қазақтың құнарлы жерлерден айырылуы халықтың наразылығын тудырды. Осындай қасіретті кезеңде Кеңесары Қасымұлы, Сырым Датұлы, Есет Көтібарұлы секілді қолбасшылар халқымен бірге азаттық жолында күресті. Сыр бойындағы Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліс қазақ қоғамындағы ең ірі бас көтерулердің бірі ретінде тарихқа енді.

Дана халықтың төл перзенті, ең күрделі кезеңде өмір сүрген, ұлт азаттығы қозғалысының көрнекті басшысы болған Жанқожадай батырымызды еске алып, оның өмірі мен ерлігін дәріптеу – біздің азаматтық парызымыз.

Баба есімін ұлықтау мақсатында өңірмізде ауқымды шаралар ұйымдастырылып келеді. Халық батырының 240 жылдығына орай облыс орталығындағы теміржол вокзалы алаңына еңселі ескерткіш тұрғызылды.

«Қызылқұм» беткейіндегі шекара заставасы, аудан орталығындағы басты көше баба есімімен аталды.

Қармақшы ауданындағы №269 орта мектепке, әр кезеңде Астана, Ақтөбе қалаларындағы орталық көшелерге есімі берілген.

Еліміздің азаттығы жолында жарқын істерімен, жанқиярлық ерлігімен өшпес із қалдырған Жанқожа Нұрмұхамедұлының асқақ рухы халқымен мәңгі бірге бола береді! – деді аймақ басшысы.

Конференцияны Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет жүргізді. Іс-шарада Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов «Жанқожа Нұрмұхамедұлы және ұлт-азаттық көтеріліс (жана мұрағат деректері негізінде)», Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Молдахмет Қаназ «1856-1857 жылдары Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған Сырдария шаруаларының көтерілісі. Себебі. Барысы. Бағалануы. Батырдың тағдыры»



«Халқына қорған болған Батыр Баба» Республикалық ақынтар айтысы

тақырыбында баяндама жасады. Ғалымдар ұсынған тың деректерге орай қатысушылар ой-пікір өрбітті.

Сонымен қатар, Парламент Сенатының депутаты, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Наурызбай Байқадамов, журналист, филология ғылымдарының кандидаты Нұрлан Көбегенұлы сөз сөйледі.

Мереке аясында батыр рухына тағзым

ету рәсімі, «Елі үшін туған ер Жанқожа» атты театрландырылған қойылым, қазақ күресінен республикалық турнир, баба рухына арналған ас, «Халқына қорған болған батыр баба» атты республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, Әйтеке би кентіндегі орталық стадионда Жанқожа батырдың 250 жылдығына және «Алтын күз-2024»

мерекесіне арналған салтанатты шара, эстрада жұлдыздарының қатысуымен мерекелік гала-концерт өтті.

Аймақ басшысы Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде бірқатар нысанды аралап, мемлекеттік бағдарламалар аясындағы жұмыстармен танысты.

Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы аралығындағы автомобиль жолын қайта жаңғыртуды, «Руханият» скверіндегі, «Руханият орталығындағы» жұмыстарды көрді. Құрылысқа қойылатын басты талап сапа мен мерзім екенін ескертті.

Сондай-ақ, Әйтеке би кентіндегі орталық алаңның абаттандырылуымен, «Ауыл аманаты» жобасы арқылы несие алған кәсіпкерлердің жұмысымен танысты. Жеке кәсіпкер Лаура Серғалиева дайын таңғы ас кәсібін бастаған, ал, Алматы Есенаманов шағын цехтың жұмысын дөңгелентіп отыр. «Алтын дән» кондитерлік цехының иесі Айнұр Үсен де «Ауыл аманаты» жобасының игілігін көрді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

АЗАТТЫҚТЫҢ АРАЙЛЫ АҚ ТАҢЫ

Егемендік декларациясы сан ғасырлық салт-дәстүр мен таным-түсінікті ерекшелей отырып, әлем елдерінің алдында айбынмызды асырып, абыройымызды асқақ етті. Халқымыздың жарқын келешегі мен игілігі үшін Республика күнінің маңызы ерекше. Бұл күн жаңашыл істердің қайнар бастауына айналды. Рухани құндылықтарды қастерлей отырып, тәуелсіз еліміздің тұғырын биік етуге жол ашылды. Тәуелсіздік пен тұтастықты негізге ала отырып, бірлігімізді бекемдей түстік. Елімізде тұрақтылық пен татулықтың мызғымас үлгісі қалыптасты.

Мемлекетіміздің қалыптасу жылдарында Ата Заңымыз қабылданып, Елтанба, Ту және Әнұран бекітілді. Ұлттық валюта – теңгенің енгізілуі елеулі оқиға айналды.

Егемендік ұлан-ғайыр даланы мекен еткен халқымыз үшін елеулі өзгерістер алып келді. Демократиялық даму жолында ішкі және сыртқы саясатты ұлттық мүдде арнасында жүргізіп келеміз. Елдің бірлігінің арқасында зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың іргетасы берік қаланды. Жаһандық өркениет көшінде орнымызды еншілеп, әлем жұртшылығы алдында кеңінен танылуға жол ашылды. Халықтың ертенгі күнге деген сенімі нығая түсті.

Бүгінде Қазақстанның халықаралық аренадағы орны айрықша. Экономикада, әлеуметтік-тұрмыстық салада көптеген жоғары жетістікке жетті. Бұл кемел болашаққа кеңінен жол ашты.

Бақыржан ЕЛЕУСНОВ,

«Орлеу» БАҰО» АҚФ Қызылорда облысы бойынша Кәсіби даму институтының директоры

1-бет

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БЕРІК ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Республика күні – еліміздің басты және ұлттық мерекесі. Араға уақыт салып, қайта оралған ұлттық мерекенің маңызы зор.

1990 жылы 25 қазан күні ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Қаулысымен Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Тәуелсіздіктің таңы атып, Қазақстанның егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді.

Тәуелсіз еліміздің Ата Заңы мемлекет пен қоғамның негізгі заңы ретінде бүкіл заң шығару ісінің қайнар көзі болып есептеледі. Онда құқықтық, демократиялық мемлекеттің қалыптасу бағыттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде жеке адамның жан-жақты еркіндігі, қоғамның идеологиялық және саяси әралуандығы, экономикалық қатынастардың орнығы әлемдік талаптарға сәйкестендірілген.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды. Ал қолданыстағы қазіргі Ата Заңымыз 1995 жылы 30 тамыз күні бүкілхалықтық референдум арқылы қолданысқа енгізілді. Содан бері оған 6 рет, атап айтқанда, 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2022 жылы 5 маусымда ел тарихында үшінші жалпыхалықтық референдум және Конституцияға түзетулер енгізу бойынша екінші рет конституциялық референдум өткізілді. Ата Заңдағы өзгерістердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Ол мынадай үдерістерге құқықтық негіз қалыптастыруға бағытталған:

Құқықтық жағынан негізгі өзгерістердің бірі ретінде Конституциялық соттың құрылуын атап өтуге болады. Конституциялық соттың басты ерекшелігі – азаматтардың өтініштері мен шағымын қабылдауды.

Конституциялық реформаға сәйкес Мемлекет басшысы тағайындайтын Сенат депутаттарының саны 15-тен 10-ға дейін қысқартылды. 2023 жылғы қаңтардан бастап Президент Сенаттың 10 депутатын тағайындайды, оның 5-і Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы негізінде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Конституция тәуелсіздігіміздің берік құқықтық негізін қалады. Адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп жарияланды. Еліміздің аумақтық тұтастығы, қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, құқық үстемдігі және демократия кандидаттары бас құжаттарымызда айқын көрініс тапты. Конституцияда Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттілігін қалыптастыру үшін аса маңызды құқықтық, саяси және әлеуметтік-экономикалық алғышарттар да айқындалды» деп атап өткен болатын.

Ал Конституция мазмұнының уақыт талабына сәйкес жетіліп, жаңартылып отыруы – заңды құбылыс. Бүкіл әлемнің кескін-келбеті өзгеріп жатқан тұста мұны орынсыз дей алмаймыз. Еліміздің көшкө ілесіп, қарқынды дамуға ден қоюы құптарлық. Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата Заң – мемлекет пен қоғамдағы саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына негіз болып қала бермек.

Жадыра ШӨКЕНОВА,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, заңтану магистрі

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ – ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ

– Рабит Жұмабекұлы, әлеуметтік сала реформаларының басты мақсаты – халықтың тұрмыс жағдайын, өмір сүру сапасын арттыру. Бұл саланың жұмыс нәтижесі де халықтың алауқаты мен әлеуметтік жағдайының тұрақталуымен өлшенеді. Бүгінде салада жүргізіліп жатқан жұмыстар мен жобаларға тоқталып өтсеңіз...

– Өзіңіз білесіз, Сыр өңірінде байыпты бастамалар, мақсатты жобалар қолға алынып, аймағымыз қарқынды дамуда. Облыс 9 айдың қорытындысы бойынша экономикалық даму көрсеткіштері жағынан республикада көш басынан көрінді. Соның ішінде әлеуметтік қорғау саласының жетістіктері аймақ көрсеткішінің дамуына әсер ететін бағыттардың бірі екенін атап өту керек.

Басқарма бірнеше бағытта жұмыс атқарады, екі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Бес арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы бар. Атықарылған жұмыстардың нәтижесінде халықты тұрақты жұмысқа орналастыру бойынша республикада үздік үштікке енді. Бүгінде 36 мыңнан астам жұмыс орны құрылды. Жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеуші ретінде 31736 адам тіркелді. Оның ішінде 9342 адам бос жұмыс орнына орналастырылды. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқып, сертификат алған 1000 адам өз кәсібін ашты. 3 мыңға жуық адам «Электронды еңбек біржас» порталы арқылы онлайн-оқудан өтті. Қысқа мерзімді курстарды аяқтаған 96 адам жұмысқа орналасты. Жұмыс берушінің жұмыс орынында оқыту бағыты бойынша 20 адам оқуға жолданды.

Субсидияланатын жұмыс орындарына 14495 адам орналасты. Бұл жастар тәжірибесі, ақылы қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары, «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісім-шарты», «Күміс жас» жобалары арқылы жүзеге асуда. 1558 азамат жаңа бизнес-идеяны іске асыруға арналған қайтарымсыз мемлекеттік грант алды. Грант иегерлері негізінен – атаулы көмек алушылар, мүгедектігі бар адамдар, көп балалылар, асыраушысынан айырылғандар, мүгедектігі бар балаларды асыраушылар. Олар жүзеге асырған жобалар арқылы қосымша 82 жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру» тапсырмасына сәйкес 8642 жұмыс орны, «Жұмыспен қамтудың өңірлік картасы» шеңберінде 258 жоба бойынша 2792 жұмыс орны құрылды. Мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа орналастыру квотасы шеңберінде 62 адам жұмысқа орналастырылды. Солтүстік өңірлерге 42 отбасы (құрамында 151 адам) қоныс аударды.

– Жасыратыны жоқ, бұрын атаулы әлеуметтік көмекті алу үшін түрлі амалға баратындар көп еді. Қазір көмек тек иын мұқтаждарға берілу керек деген Мемлекет басшысының тапсырмасы бар. Облыста мұндай көмекті қанша адам алады?

– Бұл бағыт бойынша мониторинг

1-бет



жүргізіледі. Мәселен, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 15087 адамға немесе 32,1% төмендеп, 31869 адамға көмек көрсетілсе, бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі 9635 балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қосымша төлем төленді. Сонымен қатар, шартты атаулы әлеуметтік көмек алушылардың еңбекке жарамдыларын белсенді шараларға тарту жоспары 74% болып белгіленіп, нәтижесінде 71,6% құрады. Есепті кезеңде 5977 отбасына атаулы әлеуметтік көмек төленді.

Әлеуметтік келісім-шарт негізінде көмек алушылардың қатарындағы еңбекке жарамды жастағы 590 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылды. 1811 отбасына тұрғын үй көмегі төленді.

Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жекеменшік санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 12489 адамға 925,3 млн теңге әлеуметтік төлем төленді. Бюджеттен тыс көздерден көмекке мұқтаж халықтың алғашқы топтарынан шыққан 20209 адамға 249,7 млн теңгеге қайырымдылық көмек көрсетілді. Облыс әкімінің грантымен 69 балаға білім алуға мүмкіндік ұсынылды.

– Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында әлеуметтік осал топтарды қолдаудың маңызын ерқашан айтып келеді. Бұл бағытта қандай шаралар қолға алынады?

– Әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандардың бірі – мүгедектігі бар адамдар. Аймақта 33764 мүгедектігі бар адам тіркелген. Жұмыспен қамту орталықтары арқылы 1170 мүгедектігі бар адам жұмыспен қамтылды.

Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 26716 адам оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық оналту құралымен қамтамасыз етілді. Облыс көлемінде 2023-2027 жылдарға 1837 әлеуметтік инфрақұрылым нысанын бейімдеуден өткізу жоспары белгіленді. Биыл мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру, спорт, жеке сектор, әлеуметтік және көп саласы бойынша 374 нысанды бейімдеу жоспарланды. Бүгінгі күнге 236 нысанға толық бейімдеу жүргізіліп, республикалық қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілді.

– Былтыр салаға 85 жыл толды. Облыс құрылғанды бері жұмыс істеп келе жатқан әлеуметтік саланың маңызы бөлек. Осынау жылдар ішінде қаншама реформалар өтті, қазір жаңа деңгейге көтерілді. Әлі де қандай шаралар қолға алыну керек деп ойлайсыз? Халық үшін қабылданған Әлеуметтік кодекстің жемісті тұстары қандай?

– Иә, тарихқа үйлесек, 1938 жылы әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің тарихы басталған. Ел ішінде «сөбес» деп аталып кеткен әлеуметтік қамсыздандыру саласы қаншама реформаны, бағдарламаларды, Жол карталарын жүзеге асырды. Бүгінде халықты әлеуметтік қорғау жүйесі жетілу үстінде. Өткен жылы күшіне енген Әлеуметтік кодексті қабылдау нәтижесінде 10 наннан бірінғай құқықтық негіз құрылды.

Облыста «Еңбек мобильділігі орталығы» құрылып, Қызылорда қаласы мен аудандардағы жұмыспен қамту орталықтары жабылды. «Еңбек мобильділігі орталығының» филиалдары «Мансап орталығы» атауымен өз жұмысын бастап, облыстың еңбек нарығын үйлестіруде. Сонымен қатар, Қызылорда қалалық аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің жанында «Отбасын қолдау орталықтары» заңгерлік және психологиялық көмек көрсетуден бастап кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, бизнес-жоспар құруға, грант немесе шағын несие алуға жәрдемдеседі және мұқтажының зерделеп, қайырымдылық жұмыстарды жүргізеді. Бүгінде басқарма 7 бөлімнен құрылып, қарттар мен мүгедектігі бар адамдардың, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың, жұмыссыз азаматтардың және халықтың басқа да әлеуметтік осал топтарының өмір сүру сапасын арттыру бағыттарын үйлестіреді. Бес орталық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуде.

– Қазір барлық салада цифрландыру қарқынды жүргізілуде. Әлеуметтік салада цифрландыру деңгейі қалай?

– Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін трансформациялау шеңберінде лицензиялау, сонымен қатар, жан басына шаққандағы қаржыландыру 2025 жылдың I қаңтарынан бастап енгізіледі. Бұл инновациялар халықты әлеуметтік қорғауды

жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болып саналатын әлеуметтік қызмет сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Қазір мамандар тізімін жасау, қызмет көрсету процестерін цифрландыру мақсатында әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйелеріндегі «Сageer Enbek», «HR Enbek», «Socium» порталдарына облыстағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету ұйымдарының деректері мен мәліметтері енгізілуде.

Бұл өз кезегінде бір адамға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтің сапасын бақылауға, талдау жасау және шығындарын айқындауға, сонымен қатар, ситуациалық орталық арқылы ұйымдарда көрсетіліп жатқан қызметтердің сол мезетте нақты бейнежазуын көруге мүмкіндік береді. Өзгерістер – көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға, олардың қолжетімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік қорғау жүйесін трансформациялаудағы маңызды қадам.

– Мемлекет басшысы келесі жылды «Жұмыссыз мамандықтары жылды» деп жариялады. Еңбек адамны деген құрмет көрсету арқылы жастары жұмыссыз мамандығына баули аламыз ба?

– Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда, халыққа арнаған Жолдауларында кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы, еңбеккер адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуы тиіс екенін әрдайым айтып келеді. Биылғы Жолдауында 2025 жылды «Жұмыссыз мамандықтары жылды» деп жариялады. Еңбек адамны құрмет көрсету біздің аймағымызда он жолға қойылған. 2014-2019 жылдар аралығында ең алғаш рет облыстық Еңбек әулеттерінің форумы өткізілді. Форум облыстағы 56 еңбек әулетін республика көлеміне таныстырды. Сонымен қатар жыл сайын Еңбек күні қарсаңында «Адал азамат – Адал еңбек» атты салтанатты іс-шара ұйымдастырып келеміз. Бұл мереке – адал еңбегімен, маңдай терімен ел дамуына өлшеусіз үлес қосқан еңбек адамдарына деген құрметтің көрінісі.

– Көмекке зәру жандарға қол үшін беруде әлеуметтік сала мамандарының еңбегі ерекше. Әріптестеріңізге мерекелік тілегіңіз...

– 2013 жылы 22 қарашадағы Мемлекет басшысының Жарлығымен қазан айының соңы жексенбі «Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні» болып белгіленді. Біздің мекемеге жас баладан бастап еңкейген қарияға дейін келеді, яғни, қызметкерлер халықпен тікелей жұмыс жасайды. Келушілер мәселесіне неқұрайлы қарамай, барынша шешуге, түсіндіруге тырысымыз.

Мереке қарсаңында әріптестеріме денсаулық, отбасыларына амандық, береке-бірлік тілеймін. Жауапкершілігі мол салада атқарған жұмыстары нәтижелі болғай.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Айсәуле ҚАРАПАЕВА, Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

МЕРЕЙ

Сәрсенбек Бекмұратұлы — оннан астам өлең-жыр жинағы мен деректі прозалық кітаптың авторы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Халықаралық «Михаил Шолохов» медалінің иегері.



Өн мен дәнің мекеніне айналған Сыр бойының әрбір тұрғыны ақын жанын бейжай қалдырмайды. Ақын жырының негізгі арқауы — тәуелсіздік, туған жер, Отанды сүю, ұлттық салт-дәстүр тақырыбы.

75-тің белесіне шығып отырған ақынның көңіл-күйді білдіретін, адамның ой-өрісін кеңейтіп, қиялын шыңдайтын лирикалық, пәлсапалық және сыршыл жырлары бұл пікірімізді қоштап тұрғандай.

Ман асырған кеудеде тұмары бар

АБАЙДЫҢ СЫНЫ

Ұлы Әбішті шақырды да ұлы Абай, Сынау үшін қойды сұрақ мынадай: — Ақ түсті ме, әлде қара зат асыл? Тапқыр болсаң өтші сыннан құламай. — Ақ зат асыл, — деді Әбіш ойланбай, Күнібұрын жауап тауып қойғандай. — Ал меніңше, қара түсті зат асыл... — Айғағыңыз бар ма дәлел болғандай. Бұл сөзіме бар төрт түрлі айғағым, Мысалы: адам туып-өскен аймағын, Көзімен көріп, тамашалайды Ойы-қырын, жазығы мен сайларын. Көретұғын аласы емес, қарасы, Күмәнданса өзін байқап қарашы. Сол себепті қара түсті зат асыл, Елшімің де болмас бұған таласы. Не болмаса ақ қағазды алайық, Әдемілен оған назар салайық. Қағаз аппақ, бірақ онда жоқ білім, Түспейінше бетіне әріп қарайың. Өнер, білім, сол қарайған әріпте, Кәусарынан қанып іш те, дәріпте. Дүниеге тұтқа болған ғылымның, Анасы — әріп, ал атасы — әліппе. Қай кезде де шындық жатар егесте, Сүрлеу түспей шыға алмайсың дөңеске.

ШАР

Бүгін мейрам күлкі де көп, гүл де көп, Алтын нұрға тұр алаңды күн бөлеп. Шаттанып жүр шар ұшырып занғағра, Жауқазындай желкілгенді кіл бөбек. Қызыл-жасыл шарлар ұшты қалықтап,

ЫҚЫЛАСЫ ҮЛКЕННІ БАТАСЫДА

— Алты жастан бастап қазақ тілін білемін. Өйткені ортаның бәрі қазақ болды. Көрші балалар қазақ тіліне деген қызығушылығымды арттырды. Тілді үйренуіме тағы бір себеп — балалар үйінде өсуім. Отбасында бесеуіміз — 2 әпкем, 2 сіңлім бар. Ата-анамыз ерте қайтыс болғаннан, екі сіңліміз бірге балалар үйінде өстік. Ол жақта бұрынғы қазақ тілінде сөйлегендіктен, тілді менгеру қиын болмады. Бауырларым да қазақша жақсы біледі, — дейді Вера.

Вера мектепті орыс тілінде оқыған. М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиесі» мамандығына оқуға түсіп, қазақ тілінде бітіріп шығады. Балабақшада бала күтушісі, одан соң орыс тобына тәрбиеші болып қызмет атқарады. Қазір бала күтімімен отыр.

Бүгінде Вера — қазақ отбасының барлық салт-дәстүрді менгерген, ибалы, инабатты келіні. Отағасы — Тағат дәнекерлеуші, екеуі Адия, Әйгерім, Әлия, Томiris есімді қыздарына тәлімді тәрбие беріп отыр.

— Қазақ отбасына келін болып түскеніме қуаныштымын. Ата-енем мені құшақ жая қарсы алды. Бала-ларымды дүниеге келгенде бізден қатты қуанды. Оларды тәрбиелеуге үлес қосып келеді. Жолдасым екеуіміз үйлестіріп кезде енеме орыс қызбен сөйлесіп жүрмін, ата-анасы да жоқ деп түсіндірді. Сол кезде енем «Балам, ұлттың жаманы болмайды, адамның жаманы болады. Ал ата-анаға келер болсақ, ешкім де мәңгі емес, бастысы сендер бақытты болсаңдар болғаны» деп батасын берді. Сол батаның арқасы болар, жақсы жұмыр кешіп, балаларымызды тәрбиелеп келеміз, — дейді В.Нестерова.

Бір қызығы, Вераның сіңлісі де осы үйдің келіні екен. Өпкелі-сіңлілер бір жағынан бауыр, бір жағынан

ҚЫДЫР ҚОНҒАН

Шиелі ауданының 95 жылдығына

О, менің Қыдыр қонған, ырыс-далам, Мен де бір перзентімді жыр ұштаған. (Жыр жазбаса жауырыны құрыстаған) Жанар-асыр той болып жатқан кезде, Мен қалай жыр арнамай тынышталам?! Шиелі жұмбақ ғалам аз алдына, Күн сайын құлпырады көз алдымда. Әлемге аты мәлім жұмақ жерім, Жастықпен қадірінді сезе алдым ба? Қастерлі Қаратаудың жалғасы бұл, Өңірім — өмірі жыр, албаты дұр. Бір тынбай күні-түні ағып жатыр, Дария — асау өзен, арнасы нұр. Әр беріп төңірегіне, көрік беріп, Бозадай буырқанып, көбіктеніп, Тулайды жарға соғып көкжал толқын, Жағада тұрған жанға желік беріп. Бар әлем бағалайды күршіңді, Күрші барда неғылсын мырышыңды. Көлге біткен нар қамыс бизнес болып, Кеңейтті бұрынғыдан тынысыңды. Экспорт қарқынды жұмысыңды, Бүкіл ел қуаттады бұл ісінді. Тәңті боқ заманауи тірлігіңе, Қарт ақынның жүректен жыр ұсынды. Төрт түлік асыр салған атырабың, 41 Ер шығарған топырағың... Туған жер, Өркенің жай, ал мен саған — Төңірден бақыт тілеп отырамын. Шығардың әлем билген ердің ерін, Еңбеккерге сыйладың елдің төрін. Қашанғы өткенді айтып мақтанамыз, Тағы да Ер туғызар келді кезің! Шиелім — бақ дарыған құт мекенім, Ежелден белгілі гой мықты екенің. Даңқына дақ түспесін биіктей бер, Осы гой менің-дағы түпкі есебім.

Сәрсенбек БЕКМҰРАТУЛЫ



ЕЛ БІРЛІГІ — ЕН БАЙЛЫҚ

Елімізде 100-ден астам, оның ішінде Сыр өңірінде 35 этнос өкілі тату-тәтті өмір сүруде. Олардың бірлігі — өзгеге үлгі. Әсіресе мемлекеттік тілде еркін сөйлейтіндер қатарының артқаны көңіл қуантады. Ұлты басқа болса да жүрегі мен тілі қазақ деп соққан жандардың бірі — қызылордалық Вера Нестерова. Ол қазақшаны ерте жасынан үйренген.

дәстүрін дәріптеу басты парызым деп біледі. Бірлік — береке бастауы

Бірлігі бекем елдің болашағы жарқын. 1995 жылдың наурызында ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың кепілі — Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылды. Бұл саяси маңызы зор құрылым, күрделі қауымдастық, заманауи қоғамдық институт ретінде танылды. Бүгінде құрамында 350-ден астам ұлттық-мәдени орталық бар. Аймақтардағы әрбір орталық еліміздегі жүзден астам этностың өкілін, тағдыр табыстырған бауырлас халықтарды Қазақстан деген алып шаңырақтың астына топтастырып, тәуелсіз мемлекетімізде ынтымақтастық пен татулық туынын желбіреуіне, ішкі саяси тұрақтылықтың сақталып, баян-

дарының қатысуымен этнос өкілдері тығыз орналасқан аудандар мен ауылдық елді мекендерде көшкеруен акциясы өтті. Этномәдени бірлестіктердің атаулы мерекелері де назардан тыс қалмады. Осы уақыт ішінде Хон Бом Донин мемориалдық кешені қайта жаңғыртылды және «Славяне» этномәдени бірлестігінің 25 жылдығы, татар этномәдени бірлестігінің 30 жылдығы, «Алекс» би өнері мектебінің 25 жылдығы, республикалық «Көрә ильбо» газетінің 100 жылдығы, Солтүстік Кавказ халықтарының Қазақстанға қоныстанғанының 80 жылдығы, «Славяне», татар, корей, неміс бірлестіктерінің мәдени күндері аталды. Алдағы уақытта облыстық корей этномәдени бірлестігінің құрылғанына 35 жыл толуына орай гала-фестиваль өткізіледі, — дейді «Қоғамдық келісім» мекемесінің директоры Бақытжан Камалов.

Бірлік пен татулықты мақсат еткен өңірлік ҚХА мүшелері қоғамдық шараларда белсенді танытып келеді. Сөзімізге дәлел болсын, жыл басында су апатынан зардап шеккен аймақтар үшін «Күшіміз — бірлікте» және «Жүректен — жүрекке» қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, соның негізінде 3 тонна гуманитарлық көмек жіберіп, айрықша үлес қосты.

Биылғы 9 айда Ресей, Өзбекстан елдерінің бас консулдарымен кездесу өткізіп, облыстың сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-рухани, туризм, білім және ғылым салаларында өзара ынтымақтастық орнату жөнінде нақты ұсыныстар талқыланды. Аталған жұмыстар аймақ экономикасының тұрақты дамуына серпін беріп, өңірдегі қоғамдық келісім мен бірегейліктің нығаюына өз септігін тигізуде.

Жалпы тәуелсіз еліміздің басты байлығы — бейбітшілік пен тұрақтылық, бұлар — қоғамның алға қарай дамуының, оның табыстылығы мен бәсекеестігінің кепілі. Осы орайда облыстық ассамблея тұтастық, бірлік пен ынтымақты арттыруда өз міндетін толық атқаруда. Іргелі ұйым алдағы уақытта да осы бағытта тиянақты жұмыстар жасайтыны сөзсіз.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

ЫҚЫЛАСЫ ҮЛКЕННІ БАТАСЫДА

— Алты жастан бастап қазақ тілін білемін. Өйткені ортаның бәрі қазақ болды. Көрші балалар қазақ тіліне деген қызығушылығымды арттырды. Тілді үйренуіме тағы бір себеп — балалар үйінде өсуім. Отбасында бесеуіміз — 2 әпкем, 2 сіңлім бар. Ата-анамыз ерте қайтыс болғаннан, екі сіңліміз бірге балалар үйінде өстік. Ол жақта бұрынғы қазақ тілінде сөйлегендіктен, тілді менгеру қиын болмады. Бауырларым да қазақша жақсы біледі, — дейді Вера.

Вера мектепті орыс тілінде оқыған. М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиесі» мамандығына оқуға түсіп, қазақ тілінде бітіріп шығады. Балабақшада бала күтушісі, одан соң орыс тобына тәрбиеші болып қызмет атқарады. Қазір бала күтімімен отыр.

Бүгінде Вера — қазақ отбасының барлық салт-дәстүрді менгерген, ибалы, инабатты келіні. Отағасы — Тағат дәнекерлеуші, екеуі Адия, Әйгерім, Әлия, Томiris есімді қыздарына тәлімді тәрбие беріп отыр.

— Қазақ отбасына келін болып түскеніме қуаныштымын. Ата-енем мені құшақ жая қарсы алды. Бала-ларымды дүниеге келгенде бізден қатты қуанды. Оларды тәрбиелеуге үлес қосып келеді. Жолдасым екеуіміз үйлестіріп кезде енеме орыс қызбен сөйлесіп жүрмін, ата-анасы да жоқ деп түсіндірді. Сол кезде енем «Балам, ұлттың жаманы болмайды, адамның жаманы болады. Ал ата-анаға келер болсақ, ешкім де мәңгі емес, бастысы сендер бақытты болсаңдар болғаны» деп батасын берді. Сол батаның арқасы болар, жақсы жұмыр кешіп, балаларымызды тәрбиелеп келеміз, — дейді В.Нестерова.

Бір қызығы, Вераның сіңлісі де осы үйдің келіні екен. Өпкелі-сіңлілер бір жағынан бауыр, бір жағынан

абысынды-келінді. Екеуі де қазақы салт-дәстүрге ерекше мән береді. — Басында дәстүрді толық білгенім жоқ. Жан-жағымдағыларға қарап үйрендім. Ата-енемнің арқасында бәрін менгеріп алдым. Қазір сәлемді де саламын, балаларымның барлығын бесікке бөлеп, бесік жырын айтып өсіріп келемін, — деген ол біздің «қазір орысшаңыз қалай?» деген сұраққа күліп жауап берді. — Мектепте оқып жүргенде қазақ тілін 5-ке оқыдым, орыс тілінен төмен

Баға алатынымын. 3-тен 4-ке көтерілсем қуанатынымын. Осыдан-ақ байқап беріңіз. Жалпы қазақша ойланым, күнделікті қазақша сөйлейтіндіктен орыс тіліне шорқақпын, — деп жымиды. Айтпақшы Вера әлеуметтік желіде өте белсенді. «Орыс келін» деген атпен танымал болған ол блогерлік жолын қалай бастағанын да айтып берді. — Блогерлікті осыдан 5 жыл бұрын бастадым, өзімді дамытуға қолға алдым. Бір жағынан қайын апам «қолыңнан келеді» деп қолдау білдірді. Отбасым түсіністік танытқан соң сенім пайда болды. Қазір өз аудиториям бар. Оларға өзім білетін пайдалы ақпараттарды бөлісіп отырамын, — дейді.

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, отбасын бақытқа бөлеген Вера Нестерова қазақ тілін білу, мәдениетін үйрену, қазақтың әдет-ғұрпын,

ды бірліктің салтанат құруына оң ықпалын тигізіп отыр. Бірліктің арқасында еліміз дамыды, өсті, іргелі мемлекетке айналды. Қазір облыстық ҚХА құрамында 11 этномәдени бірлестік, аудандарда 4 этнобағытталған үкіметтік емес ұйым және 9 қоғамдық құрылым жұмыс атқарады.

Ақсақалдар мен аналар кеңесі, Ассамблея жастары, журналистер клубы, ғылыми-сарапшылық топ, медиаторлар кеңесі, еріктілер мен ақпараттық түсіндіру тобы бүгінде этносаралық коммуникация мен диалог алаңына айналды.

Мемлекет басышы Ұлттық құрылтайда бірнеше өзекті мәселеге тоқталып, кесімді шешім айтты. Аймақта «Сыр өңірі — бейбітшілік пен келісімнің мекені» жобасы шеңберінде ҚХА мен ЭМБ құрылым-

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!! «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АҚ «31» қазан 2024 жылы ұлғайту бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді/АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «31» октября 2024 года на повышение.

«QAZAQGAZ АЙМАҚ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы тұтынушыларының назарына ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 18 қазанындағы №57-НҚ бұйрығымен «QAZAQGAZ АЙМАҚ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау тарифі 2024 жылдың 1 қарашасынан бастап ҚҚС-сыз 1000 м³ үшін 5 990,10 тенге деңгейінде бекітілген.

ЖӘРМЕҢКЕ

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ ҚЫСҚА ҚАМДАНДЫ



Өткен сенбіде «Тағзым» алаңында Қызылорда қаласы тауарөндірушілерінің, «Байқоңыр ӘКҚ» АҚ-ның қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңке қала тұрғындарын әлеуметтік жағынан қолдау мақсатында ұйымдастырылды. Оған қалаға қарасты ауылдық округтерден келген кәсіпкерлер мен тауарөндірушілер қатысты. Олар шаһар тұрғындарының сұранысына ие 40-тан астам өнімдерді қолжетімді бағада ұсынды. Атап айтқанда, ет, балық, жемістер мен көкөністер, сондай-ақ бақша өнімдері бар.

Ауылдың құрт-майын, қауын-қарбызын мольнан алуды көздеген жұртшылық демалысқа қарамастан таңертеңнен бастап ағылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, тұрғындар жәрмеңке басталмай-ақ жиналған.

Жалпы 75 автокөлікпен 176 тонна азық-түлік тауарлары жеткізіліп, базар нарығынан 15-20 пайызға арзан сатылды. Қала тұрғындары өзіне қажетті азық-түлікті қолайлы бағада алды, – деді қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары Нұрбек Әзірбек.

Біз мұндай жәрмеңкені асыға күтеміз. Себебі, өнімдер нарықтан әлдеқайда арзан. Бұл – әлеуметтік тұрғыда үлкен көмек. Негізінен тұрғындарға қажетті осындай жәрмеңкелер жиі ұйымдастырылып тұрғаны жақсы. Әсіресе қыс мезгілі қарсаңында сақтауға болатын қажетті өнімдерді осы жерден табуымыз, – деді қала тұрғыны Индира Әділқызы.

Ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесінің жиі ұйымдастырылуы қала тұрғындарының қысқа қамдануына сеп болады. Сондай-ақ аймақтағы азық-түлік бағасының тұрақтануына да ықпал етеді.

Бағалар көңілге қонымды. Базардағы бағамен салыстырғанда арзанға шығады. Қазір қысқа қамданып жатырмыз. Ет, сүт, жеміс-жидек пен көкөніс және бал алдым. Қысқа қажетті өнімдерді мольнан алып қоямын. Өйткені, қыста базар бағасы шарықтайды. Сол үшін қазірден бастап дайындаймыз, – деді қала тұрғыны Алтынай Ергалиева.

Жауапты сала мамандарының айтуынша, аталған жәрмеңке жыл баынан бері 5 мәрте өткізілген. Жыл аяғына дейін 10 рет өткізу жоспарда бар.

«СБ» ақпарат

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылордские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:

70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

ДАЛА ТӨСІН ДҮБІРЛЕТКЕН ТОЙ

ҮЗДІКТЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН КҮН

Орталық стадионда өткен мерекеле сала үздіктері марапатталды. Оған қалаға қарасты ауылдық округтер және қоғам қайраткерлері Сауытбек Абдрахманов, Ақайдар Ысымұлы, Алтыншаш Жағанова, Мұрат Бақтиярұлы, Парламент Сенатының депутаты Нұртіре Жүсіп, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов шиеліліктерді молшылық мерекесімен және қатар тойлап жатқан мерейтойлармен құттықтап, аймақ басшысының құттықтауын табыс етті.

Аудан әкімі ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктерге тоқталып, дала еңбеккерлерінің ерен еңбегіне алғысын білдірді.

Үздіктер түрлі номинациялармен марапатталды. Сондай-ақ еңбек адамдарына автокөлік, пәтер кілттері табысталды.

БАСЫЛЫМ МЕРЕЙТОЙЫ

Шиелінің төрінде «Алтын күз» мерекесімен қатар «Өскен өңір» газетінің мерейтойы да аталып өтті.

Аудандық басылымның 85 жылдығына арналған салтанатты шара мәдениет



үйінде ұйымдастырылды. Тарихтан сыр шертер бейнеролик пен көрме келушілер назарын аударды.

Конференцияның Мәдениет саласының үздігі Исабек Байқенжетов жүргізді. Ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі Айтбай Жандарбеков тарихы тереңде жатқан басылымның өткені мен бүгінгі туралы айтып өтті.

«Алтын күз» мерекесімен тұспа-тұс келген «Өскен өңір» газетінің 85 жылдық мерейтойы қалың оқырманның ортақ мерекесі деп білемін. Ендеше, ортақ мерекеміз құтты болсын! Газет ұжымына мерейлі мерекелеріңіз толымды тірлікке ұласып, шығармашылықтың шыңынан көрініп, оқырмандарыңызды қуантатын жағымды хабарларыңыз көбейе беруіне тілектестігімді білдіремін, – деді аудан әкімі.

Басылым мерейтойына арналған іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері Сауытбек Абдрахманов, Алтыншаш Жағанова, журналист, Мәдениет қайраткері Ақайдар Ысымұлы, Қазақстанның Құрметті журналисі Сәрсенбек Бекмұратұлы, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Мәрат Аралбаев, қоғам қайраткері, прозашы, баспагер Әлібек Асқаров, т.б меймандар қатысты. Қонақтарға «Өскен өңір» газетінің 85

1-бет



жылдығы төсбелгісі табыс етілді.

Газет ардагері, тіл жанашыры, Шиелі ауданының Құрметті азаматы Ақайдар Ысымұлы байыпты да құнды пікір айтты.

– Шиелі ауданы 1938 жылы қайта құрылып, 1939 жылы ақпан айында өткен алғашқы ұйымдастыру партия конференциясында аудандық газет шығару, оның

Газет аптасына екі рет әр сәрсенбі және жексенбі күндері шығып тұрды. 1940 жылдың соңында осы күнгі кирилл әріп таңбалары қолданысқа енуіне байланысты газет те латын әрпінен кирилл қарпіне ауыстырылды. Жыл аяғында басылымның таралымы екі еседей өсіп, 1530 данаға жетті, – деді ол.

Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сәрсенбек Бекмұратұлы баяндамасында:

– Шиелі – күрші өсіруден Куба мен Бирмаға, Вьетнам мен Кореяға белгілі болған аудан. Осы ауданнан 41 Социалистік Еңбек Ері, 1 Кеңес одағының батыры шықты. Ақ күршінің атасы, есімі төрткүл дүниеге мәлім Ыбырай Жақаевтың, аты аңызға айналған әнші-сазгер Нартай Бекежановтың, Сыр маржанын өсіруден және одан өнім алу-дан әлемдік рекорд жасаған Шырыңкүл Қазанбаева мен Ұлбала Алтайбаеваның, Жалдыра Таспабанованың, тағы да басқа өнерпаздар мен еңбек өрендерінің мекені.

Аудандық «Өскен өңір» газеті – Шиелінің тунып тұрған шежіресі. Газет – өзінің 85 жылдан астам ғұмырында осы өңірде атқарылған игі істер мен ізгі тірліктердің, қызығы көп, қиындығы мол кезеңдердің куәгері.

Мәдениетті елдің бәрінде ақпарат құралдарына үлкен мән берілген. Бұрын газетті «құнағаз» деп те атаған. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген Ахмет Байтұрсынұлының қағидасы өте нақты әрі дәл айтылған ақиқат тұжырым. Жазудың үлгісін «Өскен өңірді» 31 жыл басқарған Зәкім Жайлыбаевтың қарамағындағы қызметкерлерге көрсете білгенін айта кету керек, – деп атап өтті.

«Өскен өңір» газетінің бұрынғы редакторларының бірі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Өркен Исмаил да құттықтау лебізін білдіріп, басылымға арнаған өлеңін оқыды.

Конференция соңында «Өскен өңір – 85» деп аталатын танымдық кітаптың тұсауескер рәсімі өтті.

АЛАМАННЫҢ БАС ЖҮЛДЕСІН ЛАШЫН АЛДЫ

Жақаевшылар қозғалысының 60 жылдық және «Өскен өңір» газетінің 85 жылдық мерейтойына орай бөйге өтті.

Бөйге десе делебесі қозғатын жұрт алдымен тай жарысты тамашалады. Мұнан соң қунап, аламан бөйгеге жалғасты.

Жан-жақтан кіл мықты шабандоздар бас қосқан бөйгенің жалпы жүлде қоры – 10 млн теңге.

Аламан бөйгеде «Лашын» атты



сәйгүлік жеңімпаз атанды. Бапкеріне 3 млн теңгенің сертификаты табысталды.

«АЛТЫН КҮЗДІҢ» ГАЛА-КОНЦЕРТІ

Пісімшілік тойына орай ұйымдастырылған шаралар орталық стадионда гала-концертпен түйінделді. Зиялы қауым өкілдеріне Құрмет грамотасы табыстылып, бірқатар саланың қызметкерлері мен ардагерлеріне облыс әкімінің, аудан әкімінің Алғыс хаттары және шипажайға жолдама берілді.

Мұнан соң, мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласып, эстрада жұлдыздары Гүлнұр Оразымбетова, Еркеш Хасен, Маржан Арапбаева және Мұхтар Ханзада өнер көрсетіп, жүргізушілер Ғалымжан Кеншілік, Әйкерім Есенәлі кештің көрігін қыздырды.

Сонында мерекелік оташу ұйымдастырылды.



180 ТОННАДАН АСТАМ ӨНІМ ҰСЫНЫЛДЫ

«Алтын күз» мерекесіне орай сапаржай аумағында жергілікті тауарөндірушілердің жәрмеңкесі өтті.

Айта кетейік, жәрмеңкеге 57 көлікпен барлығы 185,7 тонна өнімдер әкелініп, сатылды. Әсіресе картоп пен көкөніс, бал мен бақша өнімдеріне сұраныс жоғары болды.

Шырайлы Шиелідегі дала төсін дүбірлеткен береке мен бірліктің, ынтымақ пен ырыстың тойы – «Алтын күз» мерекесі осылайша өз мәресіне жетті.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

ҮЗДІК АУЛА АНЫҚТАЛДЫ

Жетінші мәрте өткізілген «Үздік аула» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Шаһарды жасыл желекке бөлеу бағытындағы жұмыстарға өз үлесін қосып келе жатқан қала тұрғындарын ынталандыруды мақсат еткен бұл байқау 2018 жылдан бері ұйымдастырылып келеді.

Биыл «Үздік аула» байқауына қатысуға 13 аула өтінім білдірген. Нәтижесінде ауласын көгалдандыруға ерекше көңіл бөлген «Сыр-дария» шағын ауданы, №4а үй тұрғыны, зейнеткер Мәрат Төлепбаев жеңімпаз атанды. II орынды 10 жылдан астам уақыт көше бетті көгалдандырумен айналысып келе жатқан Сайыпназар ахун көшесі, №7 үй тұрғыны Бірлік Рақметов иемденсе, ал III орын «Ақмешіт» шағын ауданы, №30 үй тұрғыны Болат Сарсаевқа бұйырды.

«Бірлігі жарасқан аула» номинациясымен Титов шағын ауданы, №28 үй тұрғыны Сауранкүл Ағыбаева, «Еңбекқор бағбан»



орынбасары Пакуатдин Шамуратов қала әкімінің дипломын және қаржылай сыйақы табыстады.

Шара барысында Қызылорда қаласының тазалығын қамтамасыз етуде тынбай еңбек етіп жүрген тазалық қызметкерлері де қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Айта кету керек, жеңімпаз атанған тұрғын үй ауласына «Үздік аула - 2024» тақтайшасы орнатылды.

– «Үздік аула» – қаладағы маңызды зор әлеуметтік жобалардың бірі. Шаһарды жасыл желекпен көмкеру, халықты тазалыққа шақыру, айналымызға жанашырлықпен қарау қала тұрғындарының парызы деп білемін. Қаламыз көркейіп, гүлдене берсін, – дейді жеңімпаз Бірлік Рақметов.

Кейінгі жылдары қалада абағтандырылған аулалар қатары көбейген. Бұл – әрине, осындай игі бастамалардың нәтижесі.

«СБ» ақпарат

Газетіміздің келесі саны 25 қазан, жұма күні шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Мәрат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАВИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы-
рыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.